

1996 жылы Табиғи монополияшы-кәсіпорындарды құрылымдық қайта ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 наурыз N 361. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылы реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шараларының кең ауқымды жоспарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы табиғи монополияшы-кәсіпорындарды құрылымдық қайта ұйымдастырудың жоспар-кестесі қосымшаға сәйкес бәсекелес буындарды көрсете отырып бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер табиғи монополияшы-кәсіпорындарды құрылымдық қайта ұйымдастыру жобасын бәсекелес буындарды және табиғи монополия объектілерін көрсете отырып жоспар-кестеде белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 28 наурыздағы

N 361 қаулысына

қосымша

1996 жылы табиғи монополияшы-кәсіпорындарды бәсекелес буындарын көрсете отырып құрылымдық қайта ұйымдастырудың ЖОСПАР - КЕСТЕСІ

Табиғи монополияшы-кәсіпорын	Орындау мерзімі
"Қорғау" ҰАК	наурыз
"Қазтелеком" ҰАК	наурыз-сәуір
"Қазақстан әуе жолы" ҰААК	сәуір

"Мұнайгаз" МХК	сәуір
"Қазақстанэнерго" ҰЭЖ	мамыр
"Гидрогеология" МХК	-"-
"КАТЭП" ҰАК	-"-
"Коском" АХК	маусым
"Алаугаз" МХК	-"-
"Қазақгаз" МХК	-"-
